

АУЫЛ АУМАҚТАРЫНДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ

DEVELOPMENT OF SOCIAL INFRASTRUCTURE IN RURAL AREAS

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ

экономика ғылымдарының докторы, профессор

А.А. АЙТМАНБЕТОВА

PhD докторант

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. Ауыл аумақтарында инфрақұрылымның әлеуметтік мәні зерттелген, функционалдық-салалық жіктелімі анықталған, мемеджмент механизмі қарастырылған. Келешектегі бағыттарын бағалау және талдау жүргізілген, ауылдық округтардың ерекшеліктері мен негізгі факторлары анықталған. Әлеуетті жақсарту, оны жаңалау көзқарастары көрсетілген. Елді мекендердің өмір сүру сапасының көрсеткіштері әлеуметтік мәселелерді тиімді шешудің өлшем ретінде қарастырылған.

Аннотация. Исследована сущность социальной инфраструктуры сельских территорий, уточнена функционально-отраслевая классификация, рассмотрен механизм менеджмента. Выявлены основные факторы и ее особенности в сельских округах, проведены анализ и оценка перспективных направлений. Показаны подходы к обновлению, потенциал улучшения. Рассмотрен показатель качества жизни сельского населения как критерий эффективного решения социальных проблем.

Abstract. The essence of social infrastructure of rural areas has been explored, the functional and sector classification has been clarified, management mechanism has been examined. Its main factors and specifics in rural districts have been identified, analysis and evaluation of promising directions have been carried out. The approaches to its renewal, potential for improvement have been shown. The indicator of the quality of life of rural population as a criterion in the effective solution of social problems has been considered.

Тұтқалы сөздер: ауыл аумақтары, әлеуметтік сала, инфрақұрылым, ауылдық округтер, халық, ауылдық аймақтар, өмір сапасы, агроөнеркәсіптік кешен, логистикалық тиімділік, демография, шаруа (фермер) қожалықтары.

Ключевые слова: сельские территории, социальная сфера, инфраструктура, сельские округа, население, сельские регионы, качество жизни, агропромышленный комплекс, логистическая эффективность, демография, крестьянские (фермерские) хозяйства.

Keywords: rural area, social sphere, infrastructure, rural districts, population, rural regions, quality of life, agri-industrial complex, logistic efficiency, demography, peasant (private) farms.

Қазіргі кезеңде ауылды реформалау тек қана өндірістік емес, сондай-ақ әлеуметтік салада да, меншіктің әралуандылығы жағдайында ауыл шаруашылығының дамуын қарастыратын кешенді тәсілдерді жетілдіруді талап етеді.

Әлеуметтік сфераның әлеуметтік-экономикалық құрылымы жүргізілген реформаларға дейінгі кезеңде біртекті болатын. Ол мемлекеттік меншік иесіндегі ірі мәдениет объектілері, санаторийлер, демалыс үйлері, республикалық биліктің, жекелеген министрліктер мен

ведомстволардың құзырында болған электр өткізу желілері, байланыс, газ құбыры және басқа да инженерлік құрылыстар, кеңшарлардың балансында тұрған инфрақұрылым объектілері, жергілікті басқару органдары құзретіндегі мекемелер (мектептер, мектепке дейінгі мекемелер, ауруханалар, амбулаториялар, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету, мәдениет, дене шынықтыру және спорт мекемелері), кооперативті-ұжымшарлық ұйымдар құрамының балансында тұрған объектілер - колхоздық-кооперативтік меншіндегі және тұтыну кооперативтеріне тиесілі сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, қоғамдық ұйымдарға қатысты кәсіподақ клубтары, пионер лагерлері және басқа да емдеу-сауықтыру мекемелері құрылымдарынан тұратын.

Қазіргі уақытта нарықтық экономика заңдылықтары бойынша қызмет етуші жалпы экономикалық кеңістікке қосылуына байланысты ауыл тұрғындарына қызмет көрсету саласында меншік құрылымы мен ұйымдастыру-құқықтық формаларында түбегейлі өзгерістер болды.

1990 жылдары агроөнеркәсіптік кешеннің нарықтық қатынастарға өтуі әлеуметтік инфрақұрылым мекемелерінің едәуір өзгерістерге ұшырауы ауылдық жерлердің жағдайына тікелей әсер етті, ауыл шаруашылық өнім өндірушілер мен қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар шаруашылық жүргізудің жаңа шарттарына тез бейімделе алмады, бұл кезде өмір сүру дәрежесі мен табыс деңгейі төмендеуі тұрғындардың ірі қалаларға кетуіне алып келді.

Сондықтан қоғамдық санада ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі төмен және әлеуметтік-экономикалық дамуы артта қалған шалғай аумақтардағы құрылымдарға айналуына әлеуметтік инфрақұрылымның нашарлауы үлкен әсерін тигізді [1].

Елде шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларына өтуі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін, әсіресе оның ішінде ауылдық округтерде әлеуметтік инфрақұрылым деңгейін қайта құруды талап етеді. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы кезеңінде ауылдық аумақтарда, бірінші кезекте әлеуметтік бағыттағы құрылымдарды дамытудың стратегиялық бағдарын түбегейлі қайта қарастыру талап етіледі. Алайда әртүрлі бағыттағы мақсаттарды, алуан түрлі ресурстарды үйлестіруге және жергілікті деңгейде тұрақты басқарылатын дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуды стратегиялық жоспарлау саласында тәжірибенің және тиімді ғылыми зерттеулердің жоқтығы бірқатар кері салдарларға алып келеді, ал оны жою, қосымша күш пен материалдық ресурстарды талап етеді.

Ауылдың әлеуметтік сферасын қалпына келтіру мен дамытудың маңызды факторы оның

әлеуметтік-экономикалық құрылымын түрлендіру болып табылады. Бұл өзгертулердің міндеті – ауыл тұрғындарының қажеттілігін қанағаттандыру тұрғысынан тиімді және өндірістік сферада меншік қатынастарындағы өзгерістерді ескеретін қызмет көрсету саласының жаңа ұйымдастыру-құқықтық формалары мен меншік формасы бойынша әлеуметтік сфераның қуатты құрылымын қалыптастыру.

Соңғы уақытқа дейін бұл үдерістің жеткілікті ғылыми негіздемелері болмады, ол бағыт зерттелмеді және көп жағдайда стихиялы түрде жүріп жатты. Бұл келеңсіз елді мекендерді салдарға алып келді. Атап айтқанда тұрмыстық қызмет көрсету сферасында жеткілікті кең таралған жекешелендіру мен коммерцияландырудың бақылаусыз үдерісі ауыл тұрғындарының тұрмыстық қызмет көрсетуден толық шеттетілуінің басты себебіне айналды.

Сондықтан бүтіндей агроөнеркәсіп кешенінің, оның ішінде әлеуметтік басым-дықтарға бағдарланған ауылдық аумақтарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудың кешенді стратегиясын жасау мен жүзеге асыру ғылыми-зерттеу мекемелерінің, мемлекеттік органдар мен ауылдық округтер әкімшілігінің маңызды міндеті болып табылады.

Аталған мәселенің теориялық және әдістемелік негіздемесінің жеткіліксіздігі, оның өзектілігі мен өскелең тәжірибелік маңыздылығы зерттеудің негізгі бағыттарын алдын ала анықтады.

Зерттеудің мақсаты нарықтық қатынастардың кеңеюі мен тереңдеуі жағдайында ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамыту және оның тиімділігін арттыру бойынша теориялық негіздері мен тәжірибелік ұсыныстарды жасаудан тұрады.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру келеңсіз міндеттерді шешуді көздейді:

- ауылдық территориялардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуды басқару мен стратегиялық жоспарлаудың экономикалық мәнін нақтылау және кеңейту;

- қазіргі кездегі ауылдық территориялардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудың негізгі факторларын, ерекшеліктері мен тенденциясын анықтау;

- ауылдық территориялардың әлеуметтік инфрақұрылымын басқару, мемлекеттік және нарықтық реттеу ауқымын құраушылардың даму деңгейін зерттеу;

- ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын есепке ала отырып, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың болашақ деңгейін талдау және бағалау әдістемесін жасау;

- ауылдық округтердегі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік инфрақұрылымды стратегиялық дамытудың негізгі бағыттары мен тұжырымдамалық тәсілін негіздеу.

Орталық Азия елдерінде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалар қоғам өмірінде түпкілікті өзгерістерге алып келгендігі бәрімізге мәлім. Нарыққа өту кезеңінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық өмірдің барлық жақтарының құлдырауы жағдайында жүріп отырды.

терінің аумақтарында орналасқан әлеуметтік инфрақұрылым объектілері қызметтерін жақсарту. Оларға мыналар жатады: тұрғын үй коммуналдық шаруашылық нысандары; тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары; денсаулық сақтау мекемелері (емхана, аурухана, амбулаториялар); спорт мекемелері; мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер; мәдениет үйлері мен клубтар; сауда кәсіпорындары.

Әлеуметтік инфрақұрылымның бұл нысандары олардың еңбек сферасы мен әлеуметтік жағдайына ауылдық жердегі барлық тұрғындарға қызмет көрсетуге арналған.

Ауылдық округтің әлеуметтік инфрақұрылымы мамандандырылған салалық тұтынушыға ғана емес (өнеркәсіп, құрылыс және басқа да өндіріс салаларында), аумақтық, аудан, ауыл, бөлімше тұрғындарына да қызмет көрсететін, яғни адамдардың белгілі бір әлеуметтік-аумақтық қауымдастығына бағдарланған. Бұдан басқа ауылда әлеуметтік инфрақұрылым нысандары шаруашылық аумақтары бойынша біркелкі орналаспағандықтан, бұл олардың тиімді пайдаланылуын қиындатады. Демек, ұйымдасқан бағыныштылық емес, ортаның оңтайлы ұйымдасуындағы қажеттіліктер бұл жағдайда негізгі талап болып табылады. Әлеуметтік инфрақұрылым салалары соңғы өнімді құруға тікелей қатыспайды, бірақ олар өндірістік үдерістің қалыпты дамуы үшін алғышарттарды қамтамасыз етеді.

Осылайша, ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы мақсатты қалыптасқан материалдық кеңістіктік ортаны сипаттайды, ал оны ұйымдастырудың қажетті шарты, оның салаларының адамның әлеуметтік және жеке белсенділік сфераларына барынша жоғары қолжетімдігі мен кеңістіктік-уақыттық жақындығы болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылым – өндірісте адамның тиімді қызмет етуі үшін жағдайлар жасайтын қоғамның өндіргіш күштері болып есептеледі. Ол адамның жеке тұлғасының үйлесімді дамуы мен жұмыс күшінің ұдайы өндірісі үшін қажетті материалдық, сондай-ақ материалдық емес қызметтерді тұтындағы қоғам және оның мүшелері арасындағы экономикалық қатынастарды сипаттайды.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының ауыл шаруашылығы өндірісінің қыр-сырын көрсететін өз ерекшеліктері бар. Әлеуметтік инфрақұрылымның басты міндеті ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын одан әрі жақсарту болып табылады.

Жалпы мағынасында әлеуметтік инфрақұрылым маңызды әлеуметтік қызмет – тұрғындардың ұдайы өндірісі үшін жағдайларды қамтамасыз етуді орындайтын жасанды тіршілік ету элементтерін сипаттайды.

Мұндай түсінікте әлеуметтік инфрақұрылым тұрғындардың бірқатар өскелең қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған

тұрғындарға қызмет көрсету саласы емес, сондай-ақ өмір сүру деңгейінің елеулі белгілерінің дамуын басқарушы және соңғы қорытындысында субъектілердің өмір сүруінің болашақ нысанын қалыптастыруға жұмыс жасайтын белгілі бір тетік болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның рөлі оның өндіріске талап етілетін біліктілікті мамандарға қажеттілікті қамтамасыз ету, олардың ауылдық жерде нығаюы мен ұдайы өндірісіне ықпал ету, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуінен көрінеді. Әлеуметтік инфрақұрылым бөлімшелері кәсіпорын жұмысшыларының, сондай-ақ олардың жанұя мүшелерінің коммуналды-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар құруға қатысады.

Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары ауыл тұрғындарының қаржы құралдары мен ауылшаруашылық кәсіпорындарының ресурстары есебінен, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, мәдениет үйлері, емханалар мен байланыс желілері және тағы басқаларға инвестицияны тиімді пайдалану жолымен құрылады. Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылым бөлімшелері тек қана ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшыларды ғана емес, сондай-ақ кәсіпорын аумағында тұратын басқа тұрғындарға да қызмет көрсетеді.

Аграрлық салада инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуы ұдайы өндірістік үдерістің жалпы алғышарттарын құратын өндіріс нысандарына ресурстардың барлық түрлерінің айналуын қамтамасыз ететін және сұраныспен байланыстыратын негізгі және қосалқы өндіріс субъектілерінің тиімді өзара әрекетінің, агро-өнеркәсіп өндірісінің өсуі мен дамуының міндетті шарты болып табылады.

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын қазіргі заманғы дамытудың маңызды ерекшеліктерінің бірі нарықтық қатынастарға өтумен байланысты меншік иесінің ауысуы мен қаржыландырудың жаңа көздеріне қайта бағдарлану жүйесінің жүруі деп тұжырымдауға болады. Себебі мемлекеттің бұл салаға бөлінетін қаржысы әлі де толық жеткіліксіз болғандықтан, жаңа қаржы көздерін іздеуге тура келеді. Мысалы, әлеуметтік инфрақұрылыммен көрсетілетін қызметті пайдаланушылардың, немесе тұрғындардың ақшалай қаржыларын экономикалық артықшылық бере отырып үйлестіру, сонымен қатар өнеркәсіптік және банктік капиталды тарту болып табылады.

Қазіргі кезеңде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы мемлекеттік ұлттық бағдарламалармен және осы мақсаттарға арналған материалдық өндіріс салаларының әртүрлі ұйымдарымен бөлінетін ресурстармен жүзеге асырылатын мемлекеттің әлеуметтік саясатпен анықталады.

Қазақстанда негізінен мемлекет қаржысы арқылы әлеуметтік сала мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту, ауылдық аумақтарда өмір сүрудің қоғамдық қолайлы жағдайларын құру, ауылдық аумақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына өтуінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын құру, ауылдық жерде еңбек нарығын кеңейту және оның тартымдылығын қамтамасыз ету, ауылдық жерде тұрудың мәртебесін арттырудың негізін құру үшін республикалық және аумақтық мақсатты бағдарламалар жасалынып және жүзеге асыру мәселелері кеңінен қолдалынып келеді.

Сондықтан ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы өзінің одан әрі дамуы үшін белгілі бір әлеуетке ие және оны тиімді пайдалану үшін ағымдық, сондай-ақ ұзақмерзімді кезеңге тұтастай аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму шеңберінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту стратегиясы қажет. Бұл стратегия ауылдық округтердің тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға басымдылық берілген әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды көздейді.

Ауылдық округтер деңгейіне қатысты әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын анықтау, тұрғындардың қажеттіліктері мен алдағы күтетіндерін, әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы мен қол жеткізілген даму деңгейін талдау негізінде тұжырымдама – белгілі бір уақыт ағымында қолда бар алуан түрлі ресурстар мен оларды жүзеге асырудың тетіктерін ескеретін әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың мақсаттары мен басымдықтары, стратегиялық таңдауы туралы мәліметтер жүйесін қамтитын болжамды-талдамалық құжат жасалуы тиіс (сурет).

Ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамыту тұжырымдамасының мақсаты ауылдық қауымдастықты дамытудың басты мәселелерін анықтау және ауылдық жерлерде өмір сүру сапасының өсуі мен ауыл тұрғындарының төмен өмір сүру деңгейін қысқартуға бағытталған экономикалық, құқықтық және әкімшілік-басқару сипатындағы шаралар кешенін жасау болып табылады. Ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделін жасау мен оны өндіріске енгізу, әлеуметтік үдерістердің тиімділігін қамтамасыз ету мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін және сапасын жоғарылатуда басты рөл ойнайды және келесіден көрінеді:

1. ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың жасалған тұжырымдамалық моделі ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырумен, сондай-ақ тұтастай аумақ пен оның жекелеген құрылымдық бірліктерін әлеуметтік-экономикалық дамытумен байланысты ұзақмерзімді инвести-

циялық мақсаттарды жүзеге асыру тетігін қамтамасыз етеді;

2. стратегиялық дамудың тұжырымдамалық моделі алдын ала сыртқы және ішкі орта факторларының өзгерістерін көре білуге, тұтастай әлеуметтік инфрақұрылымның және оның жекелеген құраушыларының қызмет етуі мен дамуы үшін факторлар өзгерісінің келеңсіз салдарларын азайтуға мүмкіндік береді;

3. әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту стратегиясын жасау мен ендіру әлеуметтік сфераны дамытумен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында ішкі инвестициялық әлеуетті анықтау және пайдалануға мүмкіндік береді;

4. әлеуметтік инфрақұрылымды стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделін жасау мен өндіріске енгізу әлеуметтік сфераны дамыту мен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында ішкі инвестициялық әлеуетті анықтау мен пайдалануға мүмкіндік береді;


5. әлеуметтік инфрақұрылымды стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделін жасау және өндіріске енгізу басқа ауылдық территориялармен сәйкес ауылдық округтердің салыстырмалы бәсекелік артықшылықтарын анықтауға мүмкіндік береді;

6. ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделінің болуы ауылда әлеуметтік үдерістерді стратегиялық және тактикалық басқарудың нақты өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту стратегиясы өзгермелі жағдайларда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатын жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік үдерістерді перспективті басқарудың тиімді құралы болып табылады.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің жоғары қарқыны, ғылыми-техникалық прогрес қарқындары, инвестициялық нарық конъюнктурасының жиі ауытқулары ауылдық әлеуметтік сферасын, онымен қоса инфрақұрылымды дамытуға басқарудың дәстүрлі тәсілдері мен бұрын жинақталған тәжірибе негізінде басқаруға мүмкіндік береді. Ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделін жасаудың қажеттілігі мен өзектілігінің маңызы ішкі және сыртқы орта факторларының ықпал ету қарқындылығы болып табылатын бірқатар шарттармен анықталады.

Міне, сондықтан, біздің ойымызша стратегиялық басқару теориясы негізінде ауылдық округтердің әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделін жасау ауылда қалыптасқан жағдайға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мен тұтастай аумақтарды дамыту қажеттілігіне толық жауап береді.



Сурет. Ауылдық округтың әлеуметтік инфрақұрылымын стратегиялық дамытудың тұжырымдамалық моделі

Зерттеу нәтижелерінің негізінде ауыл-дық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын ұйымдастыру мен басқарудың сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етуші контрол-линг тетігінің қажеттілігі дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Зиябеков Б.С. Социально-экономическое развитие села: проблемы и пути их решения // Проблемы агрорынка.-2006.-№1.- С. 95-98.

2 De Janvry A., Sadoulet E. Achieving success in rural development: toward implementation of an integral approach in Agricultural Economics.-2003.- 32 (s1).- P. 75–89.

3 Moseley, Malcolm J. (2003). Rural development: principles and practice (1.publ. ed.).- London [u.a.]: SAGE.- P. 5.

4 Алтынбаев Р. Социальной сфере села повседневное внимание //АПК: Экономика и управление. - 2001. - № 1. - С. 13-16.

5 Нұрғалиева А.А. Аграрлық саланың даму барысы және әлеуметтік инфрақұрылым // Аграрлық нарық проблемалары.-2014.-№1.

Pajdalanylran әdebiетter tizimi

1 Zijabekov B.S. Social'no-jekonomicheskoe razvitie sela: problemy i puti ih reshenija // Problemy agrorynka.-2006.-№1.- S. 95-98.

2 De Janvry A., Sadoulet E. Achieving success in rural development: toward implementation of an integral approach in Agricultural Economics.-2003.- 32 (s1).- P. 75–89.

3 Moseley, Malcolm J. (2003). Rural development : principles and practice (1.publ. ed.).- London [u.a.]: SAGE.- P. 5.

4 Altynbaev R. Social'noj sfere sela povsednevnoe vnimanie // APK: Jekonomika i upravlenie. - 2001. - № 1. - S. 13-16.

5 Нұрғалиева А.А. Аграрлық саланың даму барысы және әлеуметтік инфрақұрылым // Аграрлық нарық проблемалары.-2014.-№1.